



ҮКІМЕТ

ПРЕЗИДЕНТ СУ ТАСҚЫНЫМЕН КҮРЕСКЕ БАРЛЫҚ КҮШТІ ЖҰМЫЛДЫРУ МІНДЕТІН ҚОЙДЫ

Өспірустің Қазақстан облысына Үкімет басшысы, су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқынының салдарын және жөніндегі республикалық штабтың жетекшісі Олжас Бектенов келді. Ол Есіл өзенінің жабылмасын тікұшақпен анықтап отыр. Сергеев су қоймасындағы жағдайды тексерді. Сондай-ақ Есіл өзені арнасынан асқан жағдайда су басудың алдын алу және залалды азайту үшін Петропавл қаласының маңындағы бөгеттерді нығайту бойынша жұмыстарды тексерді.



Үкімет басшысына Сергеев су торабы қазіргі уақытта қуатының шегінде жұмыс істеп жатқаны туралы баяндалды. 8 сәуірдегі жағдай бойынша 6017 м3/с деңгейінде су келуі тіркелді, оны жіберу 4720 м3/с деңгейінде жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ Сергеев су қоймасы пайдалануға берілген 1969 жылдан бастап судың максималды шығыны 3600 м3/с деңгейінде болған. Осылайша, қазіргі су қоймасының толуы соңғы 50 жылда алғаш рет орын алып отыр және алдыңғы максималды көрсеткіштерден 2 есе дерлік асады.

Су тасқыны кезеңінде су қоймасының деңгейі (1 млрд 366 млн м3/с) қолмен реттеліп отыр, яғни қалыпты жағдайға (693 млн м3/с) қарағанда, көбірек су ұстап тұра алады. Қазіргі уақытта су қоймасындағы көлем – 1 млрд 247 млн м3/с. Судың келуі мен оны жіберу көлемі бір деңгейде – 4 млрд 720 млн м3/с. Мәселен, қазіргі уақытта су қоймасы 180%-ға толып отыр. Максималды межеге дейін 100 млн м3/с су қабылдай алады. Су тасқыны басталғаннан бері барлығы 500 млн м3/с су жіберілді.

Қазгидромет болжамына сәйкес, биылғы 6-12 сәуір аралығында күннің күрт жылынып, қар еруіне байланысты келетін су көлемі 2400-ден 3600 млн м3/с-қа дейін ұлғаюы мүмкін.

Осыған байланысты су тасқынына қарсы іс-шараларды толыққанды жүргізу әрі ғимараттардың қирауына жол бермеу үшін Олжас Бектеновтің тапсырмасымен ҚР Қарулы күштері құрлық әскерлері бригадаларының 300 әскери қызметкері Астана қаласынан Солтүстік Қазақстан облысына аттанды. ҚР Ұлттық ұлан академиясынан 400 курсант және ҚР Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығы әскери бөлімінің 300-ден астам қызметкері тартылды. Бұл ретте өңірге көмек көрсету үшін тартылатын әскерилер санын одан әрі ұлғайту жөнінде команда берілді. Айта кету керек, қазіргі уақытта қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов – Қостанай облысында.

«Президент су тасқынымен күреске барлық күшті жұмылдыру міндетін қойды. Біз Солтүстік Қазақстан облысының өзіне Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық

ұланның мыңға жуық қызметкерін жұмылдырдық. Міндетіміз – Есіл өзені арнасынан асып кеткен кезде үлкен зардаптардың алдын алу. Мұндай ауқымдағы су көлемі Сергеев су қоймасының бүкіл тарихында алғаш рет орын алуда», - деді Олжас Бектенов.

Бұған дейін үкімет басшысы Олжас Бектеновтің тапсырмасы бойынша бірінші вице-премьер Роман Скляр СҚО-ның құрылыс және жол-құрылыс компанияларының басшыларын су тасқынына қарсы іс-шараларды өткізуге көмек көрсетуіне шақырды. Ауыл тұрғындарының өміріне қауіп төндірмеу, өңірдегі өлеуметтік және стратегиялық объектілердің зақымдануын болдырмау үшін су тасқынына қарсы жұмыстарды ұйымдастыруға қолда бар күштер мен арнайы техниканың барлығын шұғыл кооперациялау және жұмылдыру қажеттігі айтылды. Өз кезегінде кәсіпкерлер адамдар мен техниканы ұсынуға, сондай-ақ қажет болған жағдайда жанар-жағармай жеткізуге дайын екендерін мәлімдеді.

Мағжан АХМАДИНА. Qazaqstan Media.

ҮНДЕУ

ОБЛЫС ӘКІМІ ӨНІРДІҢ ТҮРҒЫНДАРЫНА ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

СҚО-да су тасқыны жағдайы күрделі. Төтенше жағдайға байланысты облыс әкімі өңір тұрғындарына үндеу жасады. Аймақ басшысы еліміз қиын кезеңді басынан өткеріп жатқанын айта кетіп, барлық облыс тұрғындарын сабырлыққа шақырды.

Өңірдегі жағдай күрделі. Сергеев су қоймасынан тасыған судан Есіл ауданының 20-дан астам үйі су астында қалды. Енді қарғын су Петропавлда үлкен көлемде келе жатыр. Шаһардың шеткі аудандарына қауіп төніп тұр.

«Сергеев су қоймасында биыл рекордтық көрсеткіш тіркелді. Бұл 2017 жылы болған қатты су тасқынынан әлдеқайда жоғары. Есіл өзенінің жағасындағы елді мекендерге қауіп төніп тұр. Шамамен бір-екі күнде су облыс орталығына жетеді. Прибрежное мен Тепличное ауылдары, Заречный кентіндегі үйлер су астында қалуы мүмкін. Осы күндері біз бөгеттерді салу және нығайту бойынша тәулік бойы жұмыс істедік. Ауыз суды үздіксіз қамтамасыз ету үшін сорғы станциясының айналасындағы бөгетті нығайттық», - деді өңір басшысы Фауез Нұрмұхамбетов.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың тапсырмасымен қазір су басу аймағында орналасқан Заречный ауылының тұрғындарын эвакуациялау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алайда, өз бастарын қауіп-қатерге тігіп көшпей отырған тұрғындар да баршылық екен. Аймақ басшысы тұрғындарға құтқарушылардың жұмысына түсіністікпен қарап, адам өмірін сақтап қалу маңызды екенін атап өтті.

«Азаматтардың қауіпсіздігі бірінші орында. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су тасқыны кезеңінде тұрғындардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың маңыздылығын атап өтті. Мемлекет тарапынан қажетті көмек пен қолдау көрсетіледі. Отамақы қарастырылған. Ешкім біздің назарымыздан тыс қалмайды. Биылғы су тасқыны бәріміз үшін үлкен сынақ. Ынтымақ пен бірліктің арқасында біз барлық қиындықты жеңеміз. Қазір тақын сумен күресуге 3 мыңнан астам адам жұмылдырылған. Бұл мердігерлер, құрылыс компаниялары, кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер, құтқарушылар, коммуналдық қызметтер, полиция қызметкерлері, еріктілер және қаламыз бен облыстарымыздың қарапайым тұрғындары. Көмекке басқа облыстардың құтқару қызметтері, Ұлттық ұлан мен Қорғаныс министрлігі келді. Бей-жай қарамаған әрбір адамға рахмет айтамын», - деді облыс әкімі.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР САЛДАРЫНАН КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ АЗАМАТТАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА

Егер Сізге су тасқыны салдарынан залал келтірілген болса, Сіз әлеуметтік көмек алу үшін өтінішке қоса келесідей құжаттарды ұсынасыз:

- 1) жеке басшыңызды қуаландыратын құжатты (жеке басын сойкестендіру үшін);
 - 2) табиғи зияла салдарынан азаматқа (отбасына) немесе оның мүлкіне келтірілген залал фактісін растайтын құжатты (аудандық (қалалық) төтенше жағдайлар бөлімінен алынған анықтама, акт);
 - 3) әлеуметтік көмекті аудару үшін деректемелерді (банк шоты) ұсына отырып, кент, ауыл, ауылдық округ өкіміне, тұрғылықты жеріңіз бойынша орналасқан Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүгіне аласыз.
- Барлық сұрақтар бойынша телефондар: 8(715-31) 2-81-49, 8(715-31) 2-81-44.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

су тасқынынан зардап шеккендерге ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖИНАУ ПУНКТИ АШЫЛДЫ



КӨМЕК РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАНАДЫ:

#BIZBIRGEMIZ #MYBEMESTE

тез бұзылмайтын тамақ, жаңа киім, аяқ киім, төсек-орын, гигиена құралдары

ЖИНАУ ПУНКТИНІҢ МЕКЕНЖАЙЫ ЖӨНЕ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ:

Булаев қ, Целинная к, 8

(«АМАНАТ» партиясы филиалының көңсе ғимараты)

Тел: 2-01-53; 8-777-082-66-65; 8-771-106-82-76

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ:

Дс-Жм сағ 9⁰⁰-ден 18⁰⁰-ге дейін

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ УСПЕНКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫН 2024 ЖЫЛҒЫ 19 МАМЫРҒА ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. 2024 жылғы 19 мамырға Мағжан Жұмабаев ауданында Успенка ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын.
2. 2024 жылғы 19 мамырға тағайындалған Мағжан Жұмабаев ауданының Успенка ауылдық округінің әкімі сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Құнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулы Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында және аудандық «Вести», «Мағжан жұлдызы» газеттерінде жариялансын.
Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Ю. ПОРТНЯГИН.

ындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Құнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулы Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында және аудандық «Вести», «Мағжан жұлдызы» газеттерінде жариялансын.
Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Ю. ПОРТНЯГИН.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

2024 жылғы 10 сәуірде аудандық сайлау комиссиясының отырысы өтті, онда келесі мәселелер қаралды:
1. 2024 жылғы 19 мамырға тағайындалған, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Успенка ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы;
2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын өзірлеу және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың құнтізбелік жоспары туралы.

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін тиісті өкімшілік-аумақтық бірліктің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жиырма бес жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан төрт жыл мерзімге сайлайды.
Сондай-ақ кандидаттарға мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларда көзделген талаптар қойылады:
- азаматтық мемлекеттік қызметке қабылдануы мүмкін емес талаптар;
- осы лауазымға кандидаттың (санаты E-R-I) біліктілік талаптарына сәйкес келуі.
Әкімдікке кандидаттар мынандай төсідермен ұсыныла алады:
- белгіленген төртіншеп тіркелген саяси партиялардың өз мүшелерінің қатарынан. Бұл кезде саяси партия бір сайлау округінде тек бір кандидатты ұсынуға құқылы;
- дауыс беруге құқығы бар тиісті сайлау округі сайлаушыларының жалпы санының кем дегенде І пайызының қолдауы болғанда өзін-өзі ұсыну жолымен.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh/documents/details/642703?lang=kk>
Өзге де мәселелер қаралды.
Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша сөйкес қаулылар қабылданды.
Қазақстан Республикасының азаматтық аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болып сайлану үшін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2-бабында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс.
Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі болып мыналар сайлана алмайды:
- соттылығы белгіленген төртіншеп өтелмеген немесе алып тасталмаған адам;
- сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін сот заңда белгіленген төртіншеп таныған адам.
Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

Егер ұсыну мерзімі аяқталатын күні аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне екеуден аз кандидат ұсынылса, онда аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін үш күннен аспайтын мерзімге ұзартыды.
Бұл ретте аудан әкімі ұсынылған кандидаттар болмаған немесе ұсыну мерзімі аяқталатын күні бір кандидат қана ұсынылған жағдайда, жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісім бойынша тиісінше екі немесе бір кандидатты ұсынуға құқылы.
Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсынылмайды.
Аудандық сайлау комиссиясы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ УСПЕНКА САЙЛАУ ОКРУГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 22-бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев ауданының сайлау комиссиясы Успенка сайлау округі Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің шекарасында құрылғаны және оған Успенка, Сулышоқ, Уваковское, Қоскөл ауылдары кіретіні туралы хабарлайды.
Мағжан Жұмабаев ауданының сайлау комиссиясы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13-бабы 4-тармағына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлайды:

№ р/н	Аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефондары, факстары	Аудандық сайлау комиссиясының құрамы
1	150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ-нің коммуналдык меншігіндегі өкімшілік ғимараты	Коды 8-715-31; тел/факс: 2-12-33	Төрағасы - Портнягин Юрий Анатольевич; Төраға орынбасары - Шайкенов Данияр Балғабайұлы; Хатшысы - Туяқова Роза Рысбайқызы; Комиссия мүшелері - Ахметова Ұлмекен Шаймуранқызы, Бекішева Сандуғаш Оразалықызы, Махметова Кристина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылықызы

Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Ю. ПОРТНЯГИН.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫ, ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

№ р/н	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері	Сайлау учаскесі шекараларының сипаттамасы	Учаскелік сайлау комиссияларының құрамы
1.	№ 248	Успенка а., Садовая к., 26, модернизация үйінің ғимараты	Успенка а.	Төрайым – Абабаева Гүлнәр Елтайқызы; төрайымның орынбасары – Құлшыев Уззахан Бүркітұлы; комиссия хатшысы – Кулагина Дарья Леонидовна; комиссия мүшелері - Захаров Юрий Леонидович, Бекіш Наталья Николаевна.
2.	№ 250	Сулышоқ а., 1 к., 23, орталау мектептің ғимараты	Сулышоқ а. Уваковское а., Қоскөл а.	Төраға – Шегебаев Дархан Маратұлы; төрағаның орынбасары – Қазенова Марьям; комиссия хатшысы - Ысқақова Гаухар Серікқызы; комиссия мүшелері - Бабинова Рауза Шәкімқызы, Жанбөтеннова Бәхытжан Қарқенқызы.

Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Ю. ПОРТНЯГИН.

Мағжан Жұмабаев ауданының «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінің (бұдан әрі - Газеттер) меншік иесі «Газета «Вести» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2024 жылдың 19 мамырына тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің өкіміне кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарды орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабарлар етеді.

ГАЗЕТТЕРДІҢ БАСПА АЛАҒДАРЫН ҰСЫНУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӨРТІБІ
Газеттердің баспа алаңын ұсынуы Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің өкіміне тіркелген кандидаттарға баспа үгіт материалдарын орналастыруға баспа алаңын ұсыну туралы Серіктестікпен (газеттердің меншік иесімен) жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады.
Шарттың нысаны және оған ілесіп құжаттар жазбаша өтініш берген кезде ұсынылады. Кандидаттың (сенім

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

білдірілген адамның) газеттермен баспа алаңдарын ұсыну туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттерден сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады. Мұндай шартты жасасу үшін кандидат Газет иесіне мынадай ақпаратты көрсете отырып жазбаша өтініш береді:
- жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- жазбаша өтініш берген кандидаттың Т.А.Ә., сенім білдірілген тұлғаның Т.А.Ә.;
- адамның жазбаша өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжат;
- кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;
- баспа алаңының жоспарланған көлемін және оны ұсыну уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;

- кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.
Жазбаша өтініштерді Газеттер 2024 жылғы 29 сәуірінен 15 мамырына дейін қабылдайды.
Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның төгі туралы мәліметтер болуға тиіс.
ҮГІТ-НАСИХАТ БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ҰСЫНУ ТӨРТІБІ
Үгіттік баспа материалдары Газеттерге «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Заңында көзделген көлемде дайын түрде ұсынылады, оған газет иесімен баспа алаңын ұсыну туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға қол қояды.
Егер Газеттер үгіттік баспа материалдары конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектілік және рулық араздықты қоздыру

идеялары жариялауды қаласа, Газеттер оны қабылдаудан бас тартуға құқылы.
БАСПА АЛАҒДАРЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӨРТІБІ
Газеттердің баспа алаңын ұсынғаны үшін төлем мөлшері Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің өкіміне кандидаттарға баспа алаңын ұсынуға арналған прайс-параққа сәйкес айқындалады және 1 (бір) шаршы метр үшін 160.00 (жүз алпыс) теңгені құрайды.
Баспа алаңдарын ұсынғаны үшін төлем сомасы тиісті сайлау қорымен алдын ала жүз пайыз төлем тәртібімен аударылуға тиіс. Алдын ала төлем Серіктестік қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Төлем серіктестіктің тиісті шартқа көрсетілген банктік деректемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
Нелля ГОНЧАР,
«Газета «Вести» ЖШС директоры.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨКІЛДІ ОРҒАНДАРЫНА - 30 ЖЫЛ



Еліміздің жергілікті өкілді органдарының рөлін арттыру, мәслихаттарға күрделі міндеттерді шешу бойынша белгілі бір өкілеттіктерді жүктеу мәслихаттардың жергілікті өзін-өзі басқарудың негізіне айналуды ұқпал етті.

Мәслихаттардың мемлекетті басқару жүйесіндегі маңыздылығы олардың бюджеттерді, аудандарды дамыту жоспарларын бекітуді бақылау-саяси тетіктерін нығайту, сондай-ақ өкімдердің депутаттар алдындағы есептілігі қағидатын енгізу қуаладырады.

Қазақстан Республикасының мәслихаттары өңірлердегі қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірдің барлық салаларына белсенді әсер етеді. Депутаттар өз қызметінде сайлау алдындағы бағдарламаны, сайлаушылардың қажеттіліктерін және қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады.

Бүгінгі таңда Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының қызметі туралы көп айтуға болады.

Ауданның жергілікті өкілді органының қалыптасуы мен дамуына мәслихат хатшылары: А.И. Гриновский, Б.А. Бичев, В.Г. Понтнер, Т.Ө. Әбілмәжінов; депутаттар: В.Э. Фрешер, А.А. Логвинова, В.А. Фиц, Н.Ф. Гончар, С.В. Давыдов, Н.А. Сысоева, В.В. Слободян, З.В. Харченко, К.Т. Қанышева, Л.Г. Сивгаль, М.Ш. Шәкімов, В.П. Яхушев, О.Ш. Сағындықов, М.Ж. Сағдеев, Б.Қ. Әміренова, А.М. Барсуков, А.И. Демин, С.К. Хабдуллин, Д.С. Омаров, А.П. Глушко, Қ.Е. Баймуратов, М.П. Чернышов, С.Ө. Темиров, Ә.Қ. Оспанов, А.М. Луини, Л.К. Симбирцева, Е.Ж. Бәкіров, Г.Т. Сағындықова, Ж.А. Хайдарова және басқалар үлкен үлес қосты.

Қазіргі уақытта ауданның тыныс-тіршілігі мен дамуына қатысты барлық мәселелер мәслихат арқылы өтуде. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың үйлесімді жұмысы, олардың өзара іс-қимылының жинақталған оң тәжірибесі, ортақ мақсаттар ел Президентінің қойған міндеттерді табысты шешуге мүмкіндік береді.

Ауданның халық қалаулылары жергілікті жерлердегі мәселелерді зерделегуге мұқият

Был жергілікті мемлекеттік басқарудың құрамдас бөлігі - мәслихаттардың құрылымына 30 жыл толды. 1994 жылғы 7 наурызда Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді органдарға – мәслихаттар-бірінші шақырылған депутаттар жиналыстарына өзгешше сайлау өтті, бұл күн мәслихаттардың туған күні болып саналады.

қарайды, халықпен кездесулер, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен жұмыс кездесулерін өткізеді.

Тұрғындардың әл-ауқаты, яғни абадан тандыру, жарықтандыру, жолдарды жөндеу, сумен қамтамасыз ету, интернет мәселелерін шешу депутаттардың негізгі міндеті болып табылады. Сондықтан бюджет қаражатын бөлу және бюджет ақшасын бөлуді жоспарлау кезінде олар өздерінің сайлау округтерінің кездесулерде айтылған өзекті мәселелерге назар аударады.

Мәслихат сессияларында атқарушы органдар басшыларының қабылданған өңірлік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі есептері, халық қалаулыларының депутаттық қызмет туралы ақпараттары тыңдалады.

Негізгі мәселелерді талқылау кезінде депутаттар ең алдымен халықтың барлық топтарының мүдделерін білдіреді, аз қамтылған азаматтарды қолдауға назар аударады.

30 жыл ішінде біздің аудан мәслихатына 82 депутат сайланды. Оның ішінде екі шақырылымға - 19, үш шақырылымға - Е.Ж. Бәкіров, В.Л. Сериков, Н.А. Сысоева, М.Ш. Шәкімов және төрт шақырылымға - қазіргі депутаттар Т.Ө. Әбілмәжінов, Г.Т. Сағындықова, Ж.А. Хайдарова сайланды. Бірнеше шақырылым сайланған олар әріптестерімен бай тәжірибелерімен бөлісуді және жерлерінің әл-ауқатына қамқорлық жасауды жалғастыруда. Көпжылдық еңбегі үшін олар ауданда ғана емес, облыста да бедел мен құрметке ие болған.

2023 жылғы 19 наурызда өткен барлық деңгейдегі мәслихаттар мен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауында депутаттар алғаш рет бір мандатты округтер бойынша

сайланды. Сайлаудың мажоритарлық жүйесі сайлаушыларға кандидаттарды жақсырақ танытуға, олардың сайлауында бағдарламаларымен танысуға, оларға өз өтінімдерін беруге мүмкіндік берді.

Нәтижесінде VIII шақырылған Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының жаңа құрамы құрылды. Сайланған 11 депутаттың тоғызы «AMANAT» партиясынан, бір-бірден «Қазақстан Халық партиясы» және «Ауыл» партияларынан ұсынылды.

Сайланған депутаттардың құрамында әртүрлі салалардың өкілдері: білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы құрылымдарының қызметкерлері, шағын және орта бизнес өкілдері бар. Өмірлік, кәсіби, сондай-ақ басшылық тәжірибесі жоғары, ауданның экономикасы мен әлеуметтік саласына елеулі үлес қосқан тәжірибелі, жауапты адамдар. Өз қызметінің сипаты бойынша олар күн сайын халық арасында болады, сайлаушылардың жеке, қоғамдық немесе әлеуметтік сипаттағы мәселелерін шешеді.

VIII шақырылым жұмысының басынан депутаттар қызметтегі негізгі басымдықтарды нақты белгіледі. Бұл, ең алдымен, аудан экономикасының өсуі, халықтың әл-ауқатын көтеру, ауылдық аумақтарды дамыту, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салаларын іргелілету туралы қамқорлық. Тімді депутаттық қызметтің маңызды шарты әлеуметтік саладағы жағдайды үнемі талдау, ерекше назар аударуды қажет ететін негізгі ойларды көрсете білу, сондай-ақ депутаттық күш-жігерді дұрыс қолдану болып табылады.

Осы мақсатта депутаттар барлық елді мекендерде болып, өз сайлаушыларының өзекті мәселелерін шешу үшін аудан тұрғындарымен кездесті. Жинақталған және жолыланған материалдарды талдау нәтижесінде ұялы байланыс

пен интернеттің сапасы нашар екені анықталды. Депутаттық корпус мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз ету, тұрғын үй-қоғамналық шаруашылық мәселелерін және т.б. зерделеп, аудан және облыстың атқарушы органдарына депутаттық сауалдар жолдады.

Депутаттық қызмет туралы бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурста және әлеуметтік желілерде жарияланады. Мәслихатта өткізілетін іс-шаралар мен қабылданған нормативтік-құқықтық актілер туралы ақпарат пен фотоматериалдар, сенім телефоны көрсетілген азаматтарды қабилдау кестесі жарияланады.

Мәслихат жұмысындағы өзекті бағыт – «AMANAT» партиясының филиалымен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды одан әрі нығайту және кеңейту. Мәслихат жанынан «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясы жұмыс істейді, оны қоғамдық құрылымдармен және саяси партиялармен жұмыста тәжірибелі ұйымдастырушы Төлеген Әбілмәжінов басқарады.

Халық қалаулылары ауданның қоғамдық өміріне белсенді қатысады, қайырымдылық сенбіліктеріне, акцияларға, мерекелік, мерейтойлық және өзге де іс-шараларға қатысады, мектептерге демеушілік көмек көрсетеді, мүмкіндігі шектеулі адамдар мен жалғызбасты зейнеткерлерді назардан тыс қалдырмайды.

Депутаттық қызмет ақысыз қоғамдық жұмыс болып табылады, бірақ депутаттардың әрқайсысы сайлаушылар алдына қойған және тұрғындарды толғандыратын мәселелерді шешуге ниетті. Аудандық мәслихат депутаттары сайлаушылардың сұрақтарын шешуді бақылауда ұстайды және мәслихаттың өз өкілеттіктері мен құзыреттері шеңберінде олардың мүдделерін қорғайды. Қазіргі депутаттық корпусының қызметі аудан халқының өмір сүру сапасын арттыру үшін атқарушы билікпен тығыз байланыста одан әрі белсенді жұмыс істеуге бағытталған.

Айзада РАХМЕТОВА,
аудандық мәслихат төрағасы.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

ТЕЛЕКОНСУЛЬТАЦИЯЛАРДЫҢ ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ

4 сәуір күні Мағжан Жұмабаев ауданына С3medical Франциялық компаниясының өкілі - Лея Кислинг жұмыс сапарымен келіп, аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріповпен аудандық емханаға барды. Онда олар медициналық ұйымдардың базасында жаңа телемедициналық кешендердің жұмысымен танысты.

Солтүстік Қазақстандағы телеконсультациялардың пилоттық жобасы облыстың ауыл тұрғындары үшін бейінді медицина мамандарының консультацияларына қолжетімділікті жақсартуға бағытталған.

Бүгінгі таңда облыстың медициналық ұйымдарында шалғай аудандарға бейімделген 16 «LIMSTAR» телеконсультациялық кешені және олармен байланысты диагностикалық аспаптар орнатылды. Бұл жабық ауылдық жерлердегі пациенттерді, ал бұл 6 ауданаралық аурухананы, 8 амбулаториялық орталықты, Солтүстік Қазақстан облысындағы 2 медициналық пунктті Петропавлдағы жалпы және мамандандырылған медицина (гинекология, акушерлік, кардиология, ЛОР, дерматология, офтальмология, вирусология) бойынша екі облыстық қосаласы аурухананың (ересектер мен балалар) бейінді дәрігерлерімен байланыстыра алады.

Сапар басында «С3medical» (Франция)

компаниясының өкілі, аудан басшылығы Булаев қаласындағы аудандық аурухана базасында телемедициналық кешеннің мүмкіндіктерімен танысты.

«LIMSTAR» ТМК пациент пен дәрігерге, тіпті медициналық датчиктерді пайдаланған кезде де бейне режимінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін кеңейтілген клиникалық тексеру мүмкіндіктерін ұсынады. Кешен ЭКГ, ультратдыбыстық сканер, дерматаскоп, қол камерасы, отоскоп және стетоскоп сияқты ортүрлі медициналық датчиктермен жабдықталған.

Лея Кислинг кенес беру мақсатында аудандық аурухана қызметкерлерімен әңгімелесіп, аудан ішінде белгіленген телекоммуникация құралдарының ішінде жұмыс істеу бойынша шеберлік сыныбын өткізді. Сондай-ақ көптеген пайдалы ақпарат алған аудан дәрігерлері телемедициналық жабдықты тиімдірек пайдалану үшін өздерінің тілектері мен ұсыныстарын айтты.





Дүйсенбі, 15 сәуір	Сейсенбі, 16 сәуір	Сәрсенбі, 17 сәуір	Бейсенбі, 18 сәуір	Жұма, 19 сәуір	Сенбі, 20 сәуір	Жексенбі, 21 сәуір
QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.30 Д.Ф. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 02.40 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ДАЛА ДӨМІ. 14.50 АҚОРДА. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «КҮДАША ҚЫЗ». 20.30, 00.40 АШЫҒ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.30 САНА.	QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 03.15 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 15.15 ҒЫЛЫМ АДАМЫ. 15.25 Д.Ф. 16.05 Т/Х «КҮДАША ҚЫЗ». 20.30, 02.25 АШЫҒ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 23.50 ФУТБОЛ.	QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 03.15 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ТРИШЛІК. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 16.05 Т/Х «КҮДАША ҚЫЗ». 20.30, 02.25 АШЫҒ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 23.50 ФУТБОЛ.	QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 03.15 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 15.15 ИНЖУ-МАРЖАН. 16.05 Т/Х «КҮДАША ҚЫЗ». 20.30, 02.25 АШЫҒ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 23.50 ФУТБОЛ.	QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖЕР ТӨРЕСІ». 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 03.10ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 «АҒАРТУ ЖОЛЫНДАҒЫ - 30 ЖЫЛ». 15.15 БІРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «КҮДАША ҚЫЗ». 20.30, 01.10 АШЫҒ АЛАҢ. 21.25 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 PARASAT MAIDANY. 02.00 САНА.	QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.50 «ЖЕР ТӨРЕСІ». 06.30, 17.00 АҚПАРАТ. 07.00, 03.15 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.30, 02.20 ШАҢЫРАҚ. 08.00 «ӘЛИЯ. ЕРЛІК АЛГОРИТМІ», Д.Ф. 08.30 «САҒЫНДЫҒАН ӨНДЕР-АЙ». 09.00, 00.45 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.20 «БЫРЖАН САЛ», Х.Ф. 15.40 М.Ф «ЛИЛО МЕН СТИЧ». 17.20, 00.30 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 17.35 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 20.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 21.45 Т/Х «БАУЫРЛАР». 22.40 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 01.35 БІРЕГЕЙ.	QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.45 «ЖЕР ТӨРЕСІ». 06.30 ШАҢЫРАҚ. 07.05 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.50 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д.Ф. 08.40 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.35, 03.20 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 14.00 М.Ф «ЛИЛО МЕН СТИЧ». 15.15, 21.00 КОНЦЕРТ. 17.05 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 20.00, 02.20 АПТА. 20.50, 03.10 АҚОРДА. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.10 QAZAQSTAN ДАУБЫСЫ.

Дүйсенбі, 15 сәуір	Сейсенбі, 16 сәуір	Сәрсенбі, 17 сәуір	Бейсенбі, 18 сәуір	Жұма, 19 сәуір	Сенбі, 20 сәуір	Жексенбі, 21 сәуір
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «ПОКОРИТЕЛИ ВОЛН», Х.Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.25 М.Ф. 11.35 М.Ф «МЕХАМАТО». 12.00 Т/Х «ЖАЗМЫШ». 13.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 15.00, 21.45 Т/Х «КҮЗГІ АСПАН». 16.00, 23.30 Т/Х «РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 М.Ф. 11.35 М.Ф «МЕХАМАТО». 12.00 Т/Х «ЖАЗМЫШ». 13.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 15.00, 21.45 Т/Х «КҮЗГІ АСПАН». 16.00, 23.30 Т/Х «РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	УВАЖАЕМЫЕ ТЕЛЕЗРИТЕЛИ! ПРОФИЛАК-ТИЧЕСКИЕ РАБОТЫ ДО 17.00 17.00, 21.45 Т/Х «КҮЗГІ АСПАН». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 23.30 Т/Х «РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ-2». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.35 М.Ф. 12.00 Т/Х «ЖАЗМЫШ». 13.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 15.00, 21.45 Т/Х «КҮЗГІ АСПАН». 16.00, 23.30 Т/Х «РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 07.00 ОЯН. 10.00 МӘДЕНИ БАҒДАР. 10.20 М.Ф. 12.00 Т/Х «ЖАЗМЫШ». 13.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 15.00, 21.45 Т/Х «КҮЗГІ АСПАН». 16.00, 23.30 Т/Х «ВИРАЖИ СУДЬБЫ». 18.00 НОВОСТИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 «МЕНЯ ЗОВУТ КХАН», Х.Ф. 00.30 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.00 Д.Ф. 09.30 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 10.00 «МЕНЯ ЗОВУТ КХАН», Х.Ф. 12.00 М.Ф. 13.10 М.Ф «МЕХАМАТО». 14.00 XXI ФАСЫР ҚОШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛРАШҚЫ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 19.00 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ БОЛІМІ. 22.10 «ГОЛОГРАММА ДЛЯ КОРОЛЯ», Х.Ф. 00.10 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.00 Д.Ф. 09.30 «ҚАЗАҚ ЕЛІ», Д.Ф. 10.00 «ВЕНЕЦИЯ ЗОВЕТ», Х.Ф. 12.00 «СТРАЖИ ВРЕМЕНИ», Х.Ф. 13.15 М.Ф «МЕХАМАТО». 13.45 НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС. 14.30 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 16.00 Т/С «КЕЛІНЖАН-5». 19.30 ҚЫЗҚЫ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ БОЛІМІ. 22.10 «ГОЛОГРАММА ДЛЯ КОРОЛЯ», Х.Ф. 00.10 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 15 сәуір	Сейсенбі, 16 сәуір	Сәрсенбі, 17 сәуір	Бейсенбі, 18 сәуір	Жұма, 19 сәуір	Сенбі, 20 сәуір	Жексенбі, 21 сәуір
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 04.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 03.25 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 QOSLIKE. 18.30, 02.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ-3». 00.25 Т/С «ТАКСИ ПОД ПРИКРЫТИЕМ». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «АЛЕКСАНДРА И АЛЕША». 14.00 НОВОСТИ. 14.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ-3». 00.25 Т/С «ТАКСИ ПОД ПРИКРЫТИЕМ». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.45 УШҚАЛАҚ.	ҚҰРМЕТТІ ТЕЛЕКӨРЕРМЕНДЕР! САФАТ 17.00-ГЕ ДЕЙІН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛЕДІ. 17.00 QOSLIKE. 18.30, 02.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ-3». 00.25 Т/С «ТАКСИ ПОД ПРИКРЫТИЕМ». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.15 П@УТИНА.	06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 03.55 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «СОБЛАЗН». 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.05 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ-3». 00.25 Т/С «ТАКСИ ПОД ПРИКРЫТИЕМ». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 04.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 03.20 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «СОБЛАЗН». 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.05 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «Я ТЕБЯ НАЙДУ».	06.00, 03.15 ТАМАША СІТҮ. 07.25, 02.30 «П@УТИНА». 08.30 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 10.20 «Я ТЕБЯ НАЙДУ» Х.Ф. 14.20 «БОЛЬШОЕ ЗЛО И МЕЛКИЕ ПАКОСТИ» Х.Ф. 18.30, 02.00 АЙНА. 19.00 «БАРС И ЛЯЛКА» Х.Ф. 20.50 «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА» Х.Ф. 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.15 ТАМАША СІТҮ. 07.25, 01.30 «П@УТИНА». 08.15 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.30 ПОЕХАЛИ. 09.30 ҚАЙМАҚ. 10.05 «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА» Х.Ф. 14.00 «МОЙ ЛИЧНЫЙ ВРАГ» Х.Ф. 18.10 «ОПАСНАЯ КОМБИНАЦИЯ» Х.Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «МИГ, УКРАДЕННЫЙ У СЧАСТЛИВОГО» Х.Ф. 00.20 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі нем құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны.
Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



СПОРТ

АУДАНЫМЫЗДЫҢ ХОККЕЙ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ ОБЛЫСЫ КУБОГЫНЫҢ ИЕГЕРІ



6-7 сәуір аралығында Петропавл қаласында Александр Винокуров атындағы спорт сарайында әуесқой командалар арасында шайбалы хоккейден Солтүстік Қазақстан облысы Кубогының финалдық ойындары өтті. Өткен жылдың желтоқсан айында басталған үлкен хоккей марафонына облыс аудандарынан, сондай-ақ Петро-

павл қаласынан барлығы жеті команда қатысты. Біздің команда финалда Қызылжар ауданын 3:2, Ғабит Мүсірепов ауданын 3:1 және облыстық орталығының «Легион» 8:3 есебімен жеңіп, барлық ойындардың қорытындысы бойынша біздің ауданның құрама командасы жарыс жеңімпазы атанды. Сондай-

ақ біздің шабуылшы Даниил Лещенко облыстық командалардың шабуылшылары арасында үздік деп танылды. Аудан құрамасының командасын тамаша нәтижемен құттықтал, аудан намысын абыроймен қорғаған хоккейшілерге алғыс білдіреміз.

АҚТЫҚ СЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ



5-7 сәуір аралығында Тайынша қаласында «Ақ бидай – 2024» облыстық жазғы спорт мерекесі аясында баскетболдан аймақтық ойындар өтті.

Ауданымыздың құрама командасы Мамлют және Уалиханов аудандарының командаларын жеңіп, алаң иелеріне аздаған ұпаймен жеңіліп қалды. Дегенмен, біздің құрама команда жазғы кезеңде Есіл ауданында болатын финалдық ойындарының ақтық сынына жолдама алды.

Баскетболдан ауданымыздың құрама командасы сапында Иван Квашин, Сергей Плевако, Денис Гусев, Асхат Мөкенов, Сағынтай Майлашев, Руслан Темірбеков, Георгий Моисеев, Андрей Колесницкий сынды спортшылар өнер көрсетті.



Аққайың ауданы Смирново ауылында «Ақ бидай – 2024» облыстық жазғы спорт мерекесі аясында әйелдер арасында баскетболдан аймақтық ойындар өтті.

Ауданымыздың құрамасында Рузанова Екатерина, Сергиенко Лариса, Трегубова Надежда, Шлепп Ирина, Шулик Светлана, Океанова Надежда, Третьякова Ксения сынды баскетболшы қыздар өнер көрсетіп, облыстық жарыстың ақтық сынына сүрінбей шықты.

Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі.

ФУТЗАЛДАН «ЖАҢА УРҒАҚ» ТУРНИРИ



Батыр Баян атындағы спорт кешенінде Мағжан Жұмабаев ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен 1-4 сынып оқушылары арасында футболдан дестүрлі «Жаңа Урғақ» турнирі өткізілді.

Доп додасына Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының, №2 Булаев, Фурманов, Совет, Полудин, Возвышен, Қарақоға және Октябрь орта мектептерінің командалары қатысып, бақ сынасты.

Жарыс қорытындысы бойынша Возвышен ОМ жас футболшылары алтын медаль мен ауыспалы кубок иегері атанды. Ал Полудин ОМ спортшылары күміс медальды иеленсе, №2 Булаев ОМ ұлдары қола медальды жеңіп алды.

Аслан АРЕНОВ, Білім бөлімінің әдіскері.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Сұлышоқ ауылында дүниеге келіп, тұрмысқа шығып, бала тәрбиелеп, құрметті зейнет демалысына шыққанша дейін ауыл фельдшері болып, көп жыл қажырлы әукеп еткен қадірлі құдағимыз

ЖІБЕК ЖӘНІБЕКОВА

сәуір айының 12-ші жұлдызында адам өмірінің мерейлі белесі - 70 жасқа толып отыр. Өнегелі ұрпақ өсіріп, ағайын-туыстың құда-жекжаттың, ауылдастарының ықылас көңіліне бөленіп отырған ардақты құдағимымызға мықты денсаулық, қажымас қайрат, сарқылмас күш-жігер тілеп, балалар мен немерелерінің ыстық махаббатына бөленіп, өмірлік жарыңыз Сапарғалимен бірге, ұрпағыңыздың қызық пен шаттығына бөлене беріңіздер демекші.

Өткен күннің артта қалып елесі, Тіршіліктің жылжы бере көмесі. Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған, Жетпіс жастың құтты болсын белесі. Құтты болсын жеткен бүгінгі жасыңыз. Сексеннің де сеніргінен асыңыз. Қуат алып, денсаулықтың нәрінен, Жүзіп өтіп, жүзге аяқ басыңыз!

Ақ тілекпен: құда-құдағиы Руслан-Аққу.

ӘР МӘСЕЛЕНІҢ ӨЗ ШЕШІМІ БАР!

ТЕГІН
ТӘУЛІК БОЙЫ
АНОНИМДІ
ҚҰПИЯ ТҮРДЕ

ТЕЛЕФОН ШАЛ!

СЕНІ ТЫҢДАЙДЫ ЖӘНЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!

8 800 080 8150

ЕСКЕ АЛУ

Асыл жарым, сүйікті әкем **СЕРІК МӘКЕНҮЛІ ЗІКІРИН** о дүниелік болғанына биыл 5 жылдың жүзі болды!

Көз келген жаста жақын адамыңнан айырылу аса қиын, ал егер ең жақсы көретін адамың болса, қабырған қайысатыны анық. Әкеміз өмір бойы балаларына ғана емес, айналасындағыларға да лайықты үлгі бола білді. Ол күнделікті өмірде мейірімділік пен жауапкершілігі мол жан еді.

Көп адамның есінде ол жақсы әрі көңілді адам ретінде қалды. Ол қиын-қыстау кезеңде әрбір жанға ерқашан қол ұшын созып, жылы сөзін аямады, даналыққа толы кеңес бере білді.

Оның жарқын бейнесі мәңгі есімізде қалатыны сөзсіз! Сондықтан бұл күні біз ардақтымызды білетін барлық адамдар оны еске алуды сұраймыз.

Жолдасы, қызы.

<p>Директор - бас редактор Нелси ГОНЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Астана-Вест» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым нөмірі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan zhuldyzy» газеті редакция теріліп беттеледі. «Сейрний Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таразына - 680</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзге асыруға қосылған басым болып табылады</p>
--	--	---	---	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады